



БҰЙРЫҚ

30.12.2021 ж.
Құрманғазы ауылы

ПРИКАЗ

№ 774
село Құрманғазы

**Аудан мектептері жанынан құрылатын
Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамын
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы мен «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының 1 тарау 6 тармағы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектептер жанынан Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамы осы бұйрықтың қосымшасына сай бекітіліп құрылсын.

2. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамы мүшелерінің өкілеттік мерзімі: 2022 жылдың 5 қаңтарынан бастап 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі үш жылды құрасын.

3. «Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жұмысын үйлестіру мен өзара әрекет жасауды нұсқаулыққа сай іске асырылуын қатаң қадағалау жауапкершілігі барлық мектептер басшыларына тапсырылсын.

4. Барлық мектептер директорларына мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жұмысын үйлестірудің төмендегі қадамдары бойынша тапсырмаларын уақытылы орындау жүктелсін:

- мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жұмысын үйлестіруге және кеңес отырысына өзіңіз қатыспаған уақытта қатысып отыратын мектептен жауапты тұлғаны: орынбасарларыңыздан бұйрықпен белгілеу;

- осы жауапты тұлғаның Қамқоршылық кеңес жұмысынан бөлімге сұралынған мәліметтерді уақытылы жолдап отыруын қадағалау;

- мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің хатшылығына мектептің педагогикалық ұжым мүшелерінен хатшыны бұйрықпен белгілеу;

- осы бұйрық пен қосымшасының көшірмесін мектептің сайтына салуды 2022 жылдың 20 қаңтарына дейін жүзеге асыру;

- мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамы мүшелерінің алғашқы ұйымдастыру №1 мәжілісін 2022 жылдың 20 қаңтарына дейін өткізіп, мәжіліс күн тәртібінде: Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау, кеңес құрамындағы мүшелердің міндеттемелерін белгілеу, жылдық жұмыс жоспарын талқылап бекіту жұмыстарын жүргізу;

- мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамы мүшелерінің алғашқы ұйымдастыру №1 мәжілісінің хаттамасын және негіздеуші 1-2 фото суреттермен мектептің сайтына салуды 2022 жылдың 25 қаңтарына дейін жүзеге асыру;

- мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің №1 мәжілісінің хаттамалық шешіміне сай жаңа кеңес төрағасының толық мәліметін бөлімге 2022 жылдың 22 қаңтарына дейін арнайы хатпен жолдау;

- Осы хаттарға сай мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің төрағаларын бекіткен бөлімнен шығарылатын бұйрықтың көшірмесін мектептің сайтына салуды 2022 жылдың 20 қаңтарына дейін жүзеге асыру;

- Осы бұйрықтар мен Қамқоршылық кеңестерінің №1 мәжілісінің хаттамалық шешімі негізінде мектептер жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестерінің жаңа құрамы мүшелерінің міндеттемелері мен өзара келісілген кеңестің жылдық жұмыс жоспарын бекіткен мектеп директорының бұйрығын шығарып, 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін мектептің сайтына салуды үйлестіру.

5. «Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы №10 «Қамқоршылық кеңесін» құру туралы бұйрығының күші 2022 жылдың 5 қаңтарынан бастап жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлімнің әдістемелік кабинет әдіскері Т.Медеугалиеваға жүктелсін.

Бөлім басшысы



Г.Кубаева